

Диссертациялық кеңестің 2020 жылғы жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті жанында құрылған «6D050200 – Саясаттану», «6D050100 – Әлеуметтану», «6D090500 – Әлеуметтік жұмыс», «6D012300 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «6D050300 – Психология», «6D010300 – Педагогика және психология» мамандықтар тобы бойынша құрылған диссертациялық кеңес .

Диссертациялық кеңес төрағасы – Насимова Гульнар Өрленбаевна, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының 2019 жылғы №49 18 ақпандығы бүйрүғымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

"6D050200 – Саясаттану" мамандығы бойынша

"6D050100 - Әлеуметтану" мамандығы бойынша

"6D090500 - Әлеуметтік жұмыс" мамандығы бойынша

"6D012300 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану" мамандығы бойынша

"6D050300 - Психология" мамандығы бойынша

"6D010300 - Педагогика және психология" мамандығы бойынша диссертацияны қабылдауға рұқсат етілген.

1. Откізілген отырыстар саны туралы деректер - 1.

2. Откізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, экесінің аты (ол болған жағдайда).

Жоқ.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі:

Шабденова Айжан Базархановна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

4. Есепті жыл ішінде қаралған диссертацияларды қысқаша талдау.

4.1 Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.

Есепті кезеңде диссертациялық кеңесте келесі докторанттардың PhD докторы дәрежесін алу үшін бір диссертациясы қорғалды:

Шабденова Айжан Базархановна, тақырып: «6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша «Ірі қаладағы моно ата-аналы отбасылардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесі (Алматы қаласының негізінде)».

Тақырыптың зерттеу актуалдығын Қазақстандағы және дүниежүзі елдеріндегі бір ата-аналық, толық емес отбасылардың бар болуын демографиялық тенденциялар негізінде көрсетілген. Моно ата-аналық отбасылардың пайда болуы балалары бар ата-аналардың ажырасуы салдарынан, некеден тыс балалардың туылуы, отбасындағы еңбекке жарамды ер адамдардың қайтыс болуы салдарынан осындағы сипаттағы отбасылар саны өсіп жатыр. Аталған барлық жағдайларға қарамастан анық немесе әкелік

толық емес отбасында көптеген өмірлік қындықтар болады, ең бірінші қындық ол отбасының экономикалық жағдайында көрініс табады. Ал осында мінездегі қындықтарды өткеру әлеуметтік жағдайлар мен сол жалғыз басты ананың немесе әкенің тұлғалық қасиеттері мен өзіндік қагидаларына байланысты болады. Тақырыптың актуалдығы оның таралу аймағында, ол аймақтардағы, мемлекеттердегі, қалалардағы, ауылдардағы отбасылық құндылықтардың өзгерулерінен көрініс табады. Аталған аумақтардағы отбасы құндылықтарының трансформациясы әлеуметтанулық зерттеудің әлеуметтік-экономикалық жағынан қазақстандық отбасылардағы моно ата-аналық отбасыларды зерттеуді маңызды және дамып келе жатқан мәселе екенін көрсетеді.

4.2 диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының З-тармагына сәйкес Қазақстан Республикасының Укіметі жсанындағы Жогары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Шабденова Айжан Базархановнаның «Ірі қаладағы жалғызбасты ата-аналық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық статустары (Алматы қаласының мысалы негізінде» атты тақырыптағы диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасының Президентінің 2016 жылдың 6 желтоқсанында №384 бүйріғы негізінде жүзеге асырылып Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі қолданылатын отбасы және гендерлік саясат Концепциясымен сәйкестендірілген. Бұл атальп отырған құжатта мемлекеттің отбасы саясаты шенберінде отбасы статусын жиі талдау жүргізудің қажеттілігін көрсетіп, Қазақстанда әлеуметтік саясаттың негізгі құрылымын құрап, Қазақстан Республикасындағы отбасылардың принциптер жүйелігін, ұйымдастыруышылық, экономикалық, құқықтық, ғылыми, ақпараттық және кадрлық қамтамасыздандырылуды бағалау мен оны ұйымдастырудың шаралар жиынтықтары қарастырылған. Осында диссертациялық зерттеу жұмыстары мемлекеттік бағдарламаларды құрастыру мен қабылдауға теориялық-эмпирикалық негіз болады. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының дін істері және азаматтық қоғам Министрлігінің қолдауымен және «Бақытты бала» Республикалық қоғамдық бірлестігінің жобасы шенберінде жүзеге асырылған («Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ мемлекеттік гранты).

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

А.Б.Шабденованың диссертациялық зерттеуінің теориялық және практикалық маңыздылығы ол жалғызбасты ата-аналық отбасылардың мәселелерін кең ауқымда зерттеуге негіз болған. Бұл зерттеу Қазақстанда жалғызбасты ата-аналық отбасылардың өмір сүру бейімдері жайлы ғылыми

түсінік қалыптастырып, осының негізінде мемлекеттік және азаматтық қоғам деңгейлерінде ұсыныстар мен әлеуметтік тәжірибе бойынша ұсыныстар тұжырымдалды. Зерттеу нәтижелері отбасылардағы әкелік және аналық отбасылармен әлеуметтік жұмыс істеудің принциптері мен механизмдерінде қолдануға мүмкіндік береді. Зерттеу жұмысы бойынша айтылған ұсыныстарды практикаға енгізу мемлекеттік демографиялық саясат пен отбасы саясатын тиімді қалыптастыруға, оны мемлекеттік және аймақтық деңгейлерде іске асыруға мүмкіндіктер береді. Жалғызбасты ата-аналық отбасыларды қолдау шаралары ол адами әлеуетті қатайту мен дамытуға мүмкіндік береді, себебі ол стратегиялық тұрғыдан алған кезде мемлекеттің маңызды ресурсы болып табылады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Қаралған диссертациялық зерттеулер бойынша ресми рецензенттер ретінде пәндік салаларда мамандығы бойынша ғылыми жарияланымдары бар, қорғалған диссертациялар тақырыбына жақын жетекші ғалымдар сөз сөйлемеді.

«6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша рецензенттер:

Калиева Алия Айбулатовна – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Абылайхан атындағы Қазақ Халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің Халықаралық қатынастар кафедрасының менгерушісі, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 220004 – әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институттар мен процестер.

Беймишева Айгуль Сейтжановна – PhD, Нархоз университетінің ассоциацияланған профессоры, Алматы қ., Қазақстан, мамандығы 05.01.00 («Әлеуметтану»).

Ұсынылған барлық рецензияларда диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі, ізденушінің алған ғылыми нәтижелері, әрбір ғылыми нәтиженің негізділігі мен нақтылығы, олардың жаңалығының дәрежесі көрсетілген, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы, ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген.

Жоғарыда аталған ғалымдар (рецензенттер) ұсынған рецензияларды талдау өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша олардың КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келетіні туралы қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Сапасыз пікірлер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Мақала жарияланған кезде журналдың процентилін ескеруді ұсынамыз. Журналдың редакциясына мақала жіберген кезде докторант журналдың қазіргі процентилін ескерді, бірақ диссертацияны аяқтаған кезде және қорғауға өтініш берген кезде процентиль төмендеуі мүмкін. Осы себепті докторанттар қорғауға келе алмайды. Студенттерге екінші семестрде теориялық зерттеулерді аяқтағаннан кейін ғылыми зерттеу тақырыбын

анықтауға мүмкіндік беру. Басқа халықаралық танылған ақпаратты және гылыми журналдар мен басылымдардың рейтингтік базаларын қосу үшін жариялауға рұқсат етілген журналдардың тізімін көздейтініз.

7. Философия докторы (PhD), дәрежесі бойынша доктор дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер (1-кесте).

Мамандық	-	6D050200 Саясаттану	-	6D050100 Әлеуметтану	-	6D090500 Әлеуметтік жұмыс	-	6D012300 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	-	6D050300 Психология	-	6D010300 Педагогика және психология
Корғауға ұсынылған диссертация	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
корғауга ұсынылмаған диссертация	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Рецензенттен қарсы пікір алған диссертация	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Корғаудың корытынды шешімі бойынша теріс шешімі бар диссертация	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Корғау корытындысы бойынша оң шешімі бар диссертациялар	-	1	-	-	-	-	-	-	-	-	-	
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-	

Диссертациялық көңестің төрайымы

Г.О. Насимова

Диссертациялық көңестің ғалым хатшысы

Н.У. Шеденова



" 18 қантар " 2020 жыл